

Г. ШОКЫМ

## ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ГЕНДЕР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Адамның табиғат, қоғам заңдылықтарын зерделеу, табиғи байлықтарды игеру мен қоғамды тиімді басқару мақсатында болмыс туралы объективті білім-білікті тұжырымдау және теориялық тұрғыдан жүйелеуге бағышталған қызметі — ғылым.

Ғылым жүйесінде лингвистика да өз орнын алған. Лингвистика — адам тілі туралы ғылым. Лингвистиканың пәні — тілдік бірліктер, сөзбен қатынаста қолданылатын тілдік құралдар жүйесі. Бұл күндері тіл туралы ғылым жапырағы жайылып, әр түрлі бағытта даму жолына түсіп, тамырын тереңге жіберуде.

Әлемдік лингвистика ғылымы ХХ ғасыр ортасына шейін негізінен тілдің ішкі құрылысын зерттеумен айналысып келді. Ал өткен ғасырдың соңына қарай ХХІ ғасырдың басында тілдің қызметіне, қоғамдағы қолданылуына ерекше назар аударыла бастады. Тіл өмірлік мәселелердің алдыңғы шебіне шықты.

Тіл тек «*тілге және тіл үшін*» жүйесінде емес, сол сияқты динамикалық антропобағытталған феномен, яғни ойлау, қарым-қатысым құралы, адам, қоғам, мәдениет жайында мәлімет алудың төсілі ретінде түсіндіріле бастады. Осыдан келіп лингвистиканың әр түрлі ғылымға ортақ өрісінен сан алуан салалары (әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика, этнолінгвистика т.б.) пайда болып, барған сайын олардың жігі айқындала түсті.

Соның ішінде **гендерлік лингвистика** — тіл біліміндегі жаңа бағыт. Гендерлік лингвистика — гендер мен тілдің өзара байланысын зерттейтін гендер мен лингвистика аралығындағы ғылым саласы. Тілдің гендерлік жіктелу факторы — *әйел тілі мен ер тілінің* қозғаушы күші.

Гендер — әйел мен ер жынысының әлеуметтік ортадағы, қоғамдық мәдени институттардағы (*отбасы, саясат, мәдениет, білім беру* т.б. ролін анықтайды.

Гендер мен тілдің өзара байланысын зерттеу бірнеше бағытта жүргізіледі. Атап айтқанда:

— *әлеуметтік-лингвистикалық* — тілдің әлеуметтік жіктелуі мен қоғамның жыныстық жіктелуінің өзара байланысын, әйел мен ер адам-

ның тілдік және бейтілдік бірліктерді қолдану айырмасын т.б. зерттеу;

— *психолінгвистикалық* — жыныс психикасына сәйкес әйел мен ер адамның тілдік қарым-қатынасы үрдісіндегі тілдік және бейтілдік ерекшеліктерді ажырату, бала тілінің гендерлік дамуын зерттеу, психолінгвистика мен нейролингвистиканың байланысын анықтау;

— *идентификациялық* — авторы жасырын (аноним) мәтіндерді тексеру арқылы автордың тілдік тұлғасын анықтау, жынысын ажырату;

— *лингвомәдениеттанулық және мәдениетаралық* зерттеулер — белгілі бір кезеңде түрлі тілдер мен мәдениеттердегі андроортақтық деңгейін белгілеуде гендердің алатын орны, тіл мен мәдениеттің қоғамдағы рөліне сәйкес гендердің жалпы және айрықша белгілерін анықтау;

— *тілдегі феминистік сын*;

— *маскулиндік зерттеулер* т.б.: [1].

Өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап тіл білімінде (АҚШ, Германия) алғашқылардың бірі болып *феминистік тілдік сын* немесе *феминистік лингвистика* бағыты белең алды және де ол бүгінге дейін жалғасуда.

«Феминизм (латын. *femina* — әйел) — екі деңгейде түсінік беретін ұғым. Бір жағынан, әйелдердің құқығы үшін күресетін кең қоғамдық қозғалыс. Оның қайнар көзінде суфражизм (ағылш. *suffrage* — дауыс құқығы) — заңдастырылған теңдік үшін қозғалыс, әйелдердің сайлау құқығын алуы жатыр. Екінші жағынан, феминизм — қоғамдық жағдайды талдайтын әлеуметтік-философиялық, әлеуметтік психологиялық, мәдени теориялық жиынтық» [2,276].

Феминистік лингвистика өкілдері тіл жалпы адамға қатысты болмай, андроортақтық сипат алып, тек ер адамдық бағытты ұстанады деп сынға алады. Олардың тұжырымдауынша, тілде дискриминация басым, жыныстық шектеу бар, соның ішінде ерлерді үлгі ретінде бейнелейтін тілдік тәсілдер жеткілікті, ал әйелдер объект түрінде, екінші реттік мәнінде ұғынылады. Феминистер өздерінің саяси бағытын ашық жариялады: тілдегі патриархаттық пен жынысқа тәуелділіктің белгілерін

айқындап, олармен батыл күресуді және тілді реформалауды талап етті.

Бұлармен қатарласа тіл ғылымында гендерді *элеуметтік лингвистикалық, психоллингвистикалық, лингвомәдениеттану* тұрғысынан зерттеуді нысана еткен өзге де бағыттар пайда болды [3,51-58].

Элеуметтік-психоллингвистикалық бағыттағы зерттеулердің басым көпшілігі *биодетерминистік* және *социодетерминистік* сипатта дамып келеді. Адам миының асимметриялық қызметі, яғни еркек пен әйел миы жарты шарларының әр түрлілігі туралы [4] психоллингвистер ұсынған ғылыми болжам ғалымдар арасында екі түрлі көзқарас қалыптастырып, пікірталастар тудырып, күні бүгінге дейін нақты шешімін таппай келеді.

Солардың бірі биодетерминистер — еркек пен әйел тілінің айырмашылығы табиғилықтың (биологиялық) басым болуынан деп дәлелдеп, эксперименттік тәжірибе нәтижелерін алға тартады. Биодетерминизм бағытын жақтаушылар еркек пен әйел миы жарты шарлары асимметриялы деп таниды, әрі ғылыми дереккөз ретінде пайдаланып келеді. Мидың бір бөлігінің үнемі зақымдалуы себепті ер мен әйелдің сөйлеу тілінде түрлі өзгерістер байқалған (алғашқы мәлімет жаракат салдарынан ми құрылысы зақымданған емделушіге жүргізілген бақылаудан белгілі болды). Соның негізінде ғалымдар адам миы жарты шарының нейроанатомиялық сипаттағы айырмашылығы когнитивтік үрдістерге өз әсерін тигізеді деген болжам жасады. Сәйкесінше, биологиялық айырмашылық, яғни ми жарты шарлары жұмысының ұйымдасуы мен қызметі когнитивтік әрекеттің дихотомиялық өрістеуіне жол салады. Мидың сол жақ жарты шарының нейрондық ұйымдасуы оң жағымен салыстырғанда бұрын жинақталған мәліметті тез ұсынуға бейімді, әрі ол когнитивтік әрекеттерді толық қамтамасыз етіп отырады. Ерекшелігі, әйелдерде тілдік үрдістер үшін мидың оң жақ жарты шары да қатысады. Сондықтан ерлерге қарағанда, әйелдер сол жақ жарты шары зақымданған жағдайда да сөйлей алады. Сол сияқты қыз баланың тіл игеруге, оқуға бейімділігі тәріздес дәлелдер де әйел миы жарты шарларының қатарласып вербалдық қызмет атқаратынын нақтылай түседі. Ер адамдарда ол тек мидың сол жақ жарты шары қызметіне негізделген [5].

Екіншілері, социодетерминистер — гендерлік тілдік ерекшеліктің болуы элеуметтік-мәдени факторлардың әсерінен деп түсіндіреді. Жалпы

«детерминизм дегеніміз — табиғатта және қоғамда кездесетін оқиға, құбылыстарды, оның ішінде адамның еркі мен мінезінің өзара байланыстылығының себептерін, себептестігінің заңдылығын зерттейтін философиялық ілім» [6,188].

*Лингвомәдениеттанулық бағытта* феминдік және маскулиндік таптаурындардың (стереотип) тілдегі көрінісі, «еркектік» (мужественность) және «әйелдік» (женственность) тұжырымжасам, гендерлік метафоралар қолданысы (еркектік немесе әйелдік мағынасының жынысқа қатыссыз заттар мен құбылыстарға ауыстырылып қолданылуы) және мәдениетаралық қатысым деңгейінде т.б. зерттеулер жүргізілуде.

Ғалымдар гендерлік таптаурындар мен асимметриялардың элеуметтік қатынастардың андроортақтығына қатыстылығы мәселесіне ерекше назар аударып келеді. Олар андроортақтық өлшемі барлық тілдерде бірдей емес, яғни анық байқала бермейді, бірақ жалпы адамдық (метагендерлік деңгей) сипаттауларда айқын білінеді. Сондықтан адамның тілдегі көрінісін (человек в языке) қарастыру метагендерлік деңгей мен маскулиндік немесе феминдікті (гендерлік) қамтып, олардың байланысын зерттеуге мүмкіндік береді дейді.

Айталық қазіргі орыс анекдоттарында ер адам бейнесі элеумет иесі ретінде күшейтіліп көрсетіледі де, әйел адам оған қосыша объект түрінде ғана көрінеді. [7,72]. Ал фразеологизмдерде, мифологияда, соның ішінде орыс халық ертегілерінде [8] әйел бейнесінің гендерлік ролі басым. Бір ерекшелігі, орыс тілі фразеологизмдерінде неміс тілімен салыстырғанда әйел образы (*элеуметтік ролі, туыстық қатынастары, өмірлік кезеңдері, қасиет-қабілеті* т.б.) жан-жақты сипатталған. Осы салада іргелі зерттеу жүргізген В.Н.Телия пікірінше, «для русского обыденного самосознания нехарактерно восприятие женщины как слабого пола и противопоставление ее «сильному полу»: эти сочетание, вышедшие из книжно-романтического дискурса, не стали принадлежностью обиходно-бытового употребления языка» [9,263]. Қазақ тілінде мақал-мәтелдердің басым көпшілігі ер адамның гендерлік бейнесін (*Ер – ел қорғаны; Ер – елдің айнасы; Ер – батыр; Ер – білімді, өнерлі*) өрнектеген.

Әйел образы (элеуметтік болмысы) негізінен тіліміздегі тұрақты сөз тіркестеріне арқау болған. Гендерлік фразеологизмдердің басым бөлігі әйелдің *ана болу, дүниеге сәби әкелу ролін, кес-кін-келбеті, жүріс-тұрысы, мінез ерекшелігі (жағымды-жағымсыз)* бейнелеген.

Тіл білімінде ер адамға қатысты *маскулиндік зерттеулер* де орын алған. Олар қоғамда қалыптасқан ер адамдық нормалар мен талаптарды ажыратып, белгілі бір мәдениет аясында ерге тән тілдік белгілердің ерекшеліктерін анықтап, ер жынысының әлеуметтік құрылымдануын айқындауды көздейді [10,124-125].

Ал *қатысымдық-дискурстық* аядағы ізденістер дискурстың түрлеріне қарай инди-видтің қатысымдық әрекетіндегі гендердің лингвистикалық құрылымдануын, әлеуметтік барабарлау (идентичность) ұстанымы тұрғысынан еркек пен әйелдің сөйлеу әрекеттерін зерттеуге бағытталған. Бұл ретте бұқаралық ақпарат құралдары материалдары негізінде жарнамалық, саяси дискурс гендерлік қырынан талданады.

Зерттеушілер (И.А.Гусейнова, М.В.Томская) қазіргі жарнамалық дискурста гендерлік таптаурындар ақпарат таратудың, әлеуметтік болмысты бейнелеудің ұтымды құралына айналған деп көрсетеді. Сонымен қатар танысу жарнамаларында адресант өзін қарсы жынысқа керекті, тартымды, қабілетті етіп көрсету үшін гендерлік мінездемесін құрылымдайды дейді [11].

Саяси дискурста сайлау алдындағы немесе сайлау кезіндегі шараларда кандидаттың жағымды /жағымсыз образын қалыптастырудағы гендердің (гендерлік таптаурындардың) әсерін зерттеу нысанаға алынған [12,71-79].

Осы салада зерттеу жүргізіп жүрген белгілі ғалым Б.Хасанұлы «Гендерлік фактордың көрінісі тілдің барлық деңгейінде зерттелуі шарт», — дей келіп, қазақ тіл білімінде гендерлік бағытты қалыптастырудың жолдарын атап көрсетті [13,287]. Олар:

1. *Салыстырмалы және салғастырмалы гендерлік лингвистика* (мысалы, морфология деңгейінде адамның есімі мен тегіне, өкесінің атына белгілі бір жұрнақтың, жалпы жұрнақ атаулының бір түрінің қолданылу-қолданылмауы; тек (род) категориясының қазіргі тілде, оның тарихында болу-болмау белгісі т.б.).

2. *Гендерлік паралингвистика*. Бұл бағыт қазақ тіліндегі ым-ишара белгілері негізінде қалыптасуы тиіс. Қазақы гендерлік паралингвистика тұрғысынан жүргізілген зерттеулердің өмірдің көптеген салаларын (өнер, көпшілік алдындағы сөз т.б.) дамытуға септігі тиер еді.

3. *Гендерлік лексикография*. Бұл бағыт қазақ тілі мен өзге тілдердің негізінде жүзеге асуы тиіс.

4. *Гендер және тіл игеру*. Бұл бағыттағы зерттеулер тілді жоспарлау ісіне аса қажет.

Қысқасы, гендерлік лингвистика ғылымын қалыптастыру — тілдің даму үрдісінің талабы.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Словарь гендерных терминов. М., 2002.
2. Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік (құраст. Т.Ғабитов, А.Құлсариева т.б.). Алматы, 2004.
3. Кирилина А.В. Развитие гендерных исследований в лингвистике // Филологические науки. 1998. №2.
4. Горошко Е.И. Функциональная асимметрия мозга, язык, пол: Аналитический обзор. М.: Харьков, 2003.
5. Гольдберг Э., Коста Л.Д. Нейроанатомическая асимметрия полушарий мозга и способы переработки информации // Нейропсихология сегодня / Под ред. Е.Д. Хомской. М., 1995.
6. Орысша—қазақша сөздік (жалпы редакциясын басқарған Ғ.Ғ Мұсабаев, Н.Т.Сауранбаев. Алматы, 1978. 1-т.
7. Слышкин Г.Г. Гендерная концептосфера современного русского анекдота // Гендер как интрига познания. Гендерные исследования в лингвистике, литературоведении и теории коммуникации. М., 2002.
8. Коновалова С.А. Гендерная специфика выражения предикативных отношений в тексте русской народной волшебной сказки: АҚД. М., 2005.
9. Телия В.Н. Русская фразеология: Семантический, прагматический и лингвокультурологические аспекты. М., 1996.
10. Тимофеев М. Ю. «Новый русский мужчина»: знаки этнокультурной идентичности в журнале «Медведь» // Гендерные исследования и гендерные образование в высшей школе: Материалы Международной научной конференции. Иваново, 2002. Ч.2.
11. Гусейнова И.А. Технологии элиминирования гендерного фактора в дескриптивных рекламных текстах (на материале журнальной прессы России и ФРГ) // Гендерный фактор в языке и коммуникации: Сб. науч. тр. МГЛУ. Вып. 446. М., 1999; Томская М.В. Гендерный аспект социального рекламного дискурса // Гендер, язык, культура, коммуникация: Доклады Первой Международной конференции. М., 2001.
12. Гриценко Е.С. Гендерные аспекты национальной идентичности в российском предвыборном дискурсе // Гендер как интрига познания. Сб. ст. М., 2000.
13. Хасанұлы Б. Қазақ тіл білімінде гендерлік бағытты қалыптастырудың өзекті мәселелері // Психолінгвистика және әлеуметтік тіл білімі: қазіргі жай күйі және болашағы. Халықаралық конференция материалдары. Алматы, 2003.